



TENGEMONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//13 МАУСЫМ 2019 ЖЫЛ

ИНАУГУРАЦИЯ

ХАЛЫҚ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына ант берді

Елордала, Тәуелсіздік сарайында еліміздің жаңадан сайланған президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті. 9 маусымда кезектен тыс президенттік сайлауда жеңіске жеткен Қасым-Жомарт Тоқаев сәрсенбі күні Ұлықтау рәсімі барысында Қазақстан халқына ант беріп, мемлекет басшысы қызметіне кірісті. Еліміз Конституциясының 40-бабына сәйкес, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға, мемлекет басшысы — республиканың президенті халық пен мемлекеттің билік бірлігін, Конституцияның мызғамастығын, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Республика президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісін жұмыс істеуі және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.



РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Ұлықтау рәсімінің ашылуы Мемлекеттік ту, Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік штандарты мен Конституцияны алып шығумен басталды. Салтанатты рәсімге Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Үкімет мүшелері, Парламент депутаты, Конституциялық кеңес мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Қазақстанда тіркелген дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Салтанатты рәсім залында жаңадан сайланған республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға қолын қойып тұрып: «Қазақстан халқына адал

қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мөртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», — деп халыққа ант беріп, Мемлекеттік туды сүйді.

Қазақстанның мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Ұлықтау рәсіміндегі өз сөзінде: «Маған қолдау көрсеткен қазақстандықтарға алғысымды

білдіремін. Барлық саяси күш қатысқан әділ дода болды. Сайлау демократиялы түрде өтті. Бұл жеңіс — халқымыздың жеңісі. Біз бір ел болып, халық болып Қазақстанның даму жолын бірге айқындадық. 9 маусымда Қазақстанның жарқын болашағы үшін дауыс берген әрбір азаматтың пікірі маңызды. Еліміздің әр азаматының мүддесін қорғау — менің парызым. Ашық және әділ жұмыс істеймін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Халқымыздың болашағы үшін біріміз бірге еңбек етеміз», — деді Қ.Тоқаев.

Салтанатты шарадан кейін Президент еліміздегі өзекті мәселелерге қатысты атқарылатын

шаралар туралы айтып берді. «Менің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарым — бұл үлкен міндеттің алдындағы халықпен кенесу болды. 2019 жылдың 13 мамырында #BIRGE жалпыхалықтық акциясы басталды. Оның басты мақсаты — ел дамуындағы ең маңызды міндеттерді анықтау. Қазақстанның барлық аймақтарынан түрлі ұсыныстар жиналды. Бүгінге дейін 540 мыңға жуық ұсыныс-тілек келіп түсті. Енді біз қоғамдағы өзекті мәселелерді айқын көріп отырмыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Мемлекет басшысы #BIRGE акциясына қатысып, азаматтық белсенділік

танытқан барша халыққа шын жүректен алғысын айтты. Өзекті мәселелерді шешу жолындағы он маңызды бағытқа тоқталды.

Бірінші бағыт — халықтың табысын арттыру. Бұл мәселені тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы ғана шешуге болады. Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін экономикалық өсім болуы тиіс. Осы ретте тау күндері еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттер айқындалатын болады.

Екінші — сыбайлас жемқор-

лықты жою. Қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін бұл құбылыс денгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Үшінші — сот және құқық қорғау жүйесін реформалау. Құқық қорғау жүйесінің басты міндеті — халықтың сеніміне не болу.

Мемлекет басшысы төртінші маңызды бағыт — жаңа жұмыс орындарын ашу мен халықты лайықты жалақымен қамту екенін атап өтті. «Ұлттық табысты әділ бөлу мәселесі — стратегиялық маңызды дүние. Мемлекеттік бюджеттің қаражатын ең алдымен келешек зор мақсаттарға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бөлу қажет», — деді Қ.Тоқаев.

Бесінші — тұрғын үй мәселесін шешу. «Түрлі санаттағы азаматтардың қолжетімді баспанаға ие болуына айрықша назар аударамын. Біздің алдымызда Бірыңғай тұрғын үй саясатын жасақтау міндеті тұр. Үкімет осы бағытта нақты шаралар қабылдайды», — деді Мемлекет басшысы.

Алтыншы — әліптегі әлеуметтік саясат. «Біз адам капиталын дамыту саясатын жалғастырамыз. Бұл бағытта, ең алдымен, не істеуіміз қажет? Жаппай білім беруді қолдау. Барлық тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету... Міне осы мәселелер бойынша біздің тұтас бағыт-бағдарымыз бар», — деді Президент. — Біз мұғалімдердің және дәрігерлердің мөртебесін көтеретін жаңа заңдар қабылдаймыз. Олардың құқығын қорғап, материалдық жағдайын жақсарту үшін тиісті мүмкіндіктер жасаймыз».

> [3]

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

| Индекс | 2219.8 | 1.33% |
|-------------|---------|--------|
| KASE | 2219.8 | 1.33% |
| FTSE 100 | 7398.5 | 0.31% |
| MSCI World | 2139.7 | 0.20% |
| S&P 500 | 2885.7 | -0.03% |
| Dow Jones | 26048.5 | -0.05% |
| Russel 2000 | 1697 | -0.07% |
| Russel 3000 | 1509 | -0.29% |
| SSE Comp | 2909.38 | -0.56% |

| Тауарлар | 62.3 | 0.00% |
|----------|--------|--------|
| Мұнай | 62.3 | 0.00% |
| Мыс | 5860.5 | -0.06% |
| Қорғасын | 1928.5 | 0.63% |
| Мырыш | 2621.5 | 1.53% |
| Никель | 11809 | 2.10% |
| Алюминий | 1752 | 0.17% |
| Уран | 24.9 | 0.00% |

| Валюта нарықтары | 383.71 | 0.11% |
|------------------|--------|--------|
| EURKZT | 383.71 | 0.11% |
| USDKZT | 434.87 | 0.22% |
| USD RUB | 64.555 | -0.31% |
| USD UAN | 26.43 | -0.24% |
| USD BYR | 20805 | -0.21% |
| EUR USD | 1.1326 | 0.10% |
| GBP USD | 1.2741 | 0.15% |

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

Доллар бағамының рекордтық көрсеткіші

Өткен бейсенбіде, әдеттегідей түстен кейін, Қазақстан қор биржасы (KASE) өзінің күндізгі сауда сессиясын аяқтағанын жария етті. Тек оның қорытындысы әдеттегіден тыс болатын. Соның нәтижесінде 6-шы маусымдағы екі (таңғы және күндізгі) сессияның қорытындысы бойынша доллардың орташа сараланған бағамы 384,53 тенгені құрады.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Әдеттегіден тыс болуының себебі де осында еді — бұл ұлттық валютаның пайда болғанынан бергі бүкіл тарихындағы антирекорд. Бейсенбідегі сауда ауқымы 312 млн долларды құрады — соның алдындағы күнге қарағанда тағы 108 млн-ға артық соманы құрады.

Сөйтіп, бір тәулікте доллар 0,33 тенгеге қымбаттады. Айта кету керек, 384 тенге деңгейіндегі бағам саудалардың үлкен көлемде өрбуімен ерекшеленіп, аптаның басынан сол деңгейде сақталды.

АӨК: НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМУ

Аграршыға арналған несие

Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатында елімізде «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығы мәлім. Жұртшылықты бизнеске баулу және өнімді еңбекпен қамту аясындағы қаржыландыру тетігі аялы кәсіпкерлері үшін елеулі көмек көзіне айналды отыр.

БОТАҒӨЗ ӘДІРРЕЙКЫЗЫ

«ҚазАгро» ұлттық холдингі нәтижелі жұмыспен және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауыл кәсіпкерлігін қаржыландырудың басталғаны туралы хабарлады.

АӨК: НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМУ

Аграршыға арналған несие

Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатында елімізде «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығы мәлім. Жұртшылықты бизнеске баулу және өнімді еңбекпен қамту аясындағы қаржыландыру тетігі аялы кәсіпкерлері үшін елеулі көмек көзіне айналды отыр.

БОТАҒӨЗ ӘДІРРЕЙКЫЗЫ

«ҚазАгро» ұлттық холдингі нәтижелі жұмыспен және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауыл кәсіпкерлігін қаржыландырудың басталғаны туралы хабарлады.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Медициналық мекемелер салынады

Штетелді компаниялар Түркістан және Петропавл қалаларында медициналық мекемелер салады.



Премьер-министр А.Маминнің қатысуымен Тұңғыш Президент – Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» шараларын іске асыру және Мемлекет басшысының қазақстандықтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі бойынша жана денсаулық сақтау нысандарын салу туралы келісімге қол қойылды.

Петропавл қаласында консультативтік-диагностикалық орталығы бар 500 төсек-орындық көпбейінді облыстық аурухана құрылысының жобасы туралы құжатқа Солтүстік Қазақстан облысының әкімі К.Аксақалов пен «YDA Holding» түрік компаниясының басқарма

төрағасы А.Хусейн қол қойды. Аурухана кешені 7 көпбейінді, тозған және бөлек-бөлек нысандардың орнына салынатын болады.

Тағы бір көпбейінді аурухана Түркістан қаласына салынады. Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев, «VI-Holding» компаниясының консуриум-ы бақылаушы кенесінің төрағасы А.Рахымбаев және «YDA Holdings» түрік компаниясының басқарма төрағасы А.Хусейн 610 төсек-орындық көпбейінді

облыстық медициналық орталық құрылысының жобасы бойынша өзара ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойды.

Құрылысқа, екі медициналық нысанды жабдықтауға нарылатын инвестициялардың жалпы көлемі 50 млрд теңгеге жуық соманы құрайды. Айтпа кетпей, бұл жобалар денсаулық сақтау инфрақұрылымдарын дамытудың өнiрлiк перспективасы жоғары аясында іске асырылады.

ҮКІМЕТ: КЕАЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Аскар Маминнің төрағалығымен өткен кезекті Үкімет отырысында билығы қаңтар-мамыр аралығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының және республикалық бюджеттің орындалуының қорытындылары қаралды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ұлттық экономика министрі Р.Деленов билығы қаңтар-мамыр аралығында ІЖӨ оң қарқын сақталғанын – өсім 4%-ті құрағанын айтты. «Инвестициялардың динамикасы ІЖӨ өсім қарқынынан жоғары. Осы жылдың 4 айындағы 6,7%-ке қарағанда, өсім 7,8%-ке дейін артты. Ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында инвестициялар 1,5 есе, өнеркәсіпте 17,5%-ке өсті», – деді ҰЭМ басшысы. Өнеркәсіптік өнімнің билығы қаңтар-мамыр айларында 2%-ке артты. Құрылыс саласындағы жұмыстар екпін алып, 5 айдың ішінде өсім 8,8%-ке жетті. Өнеркәсіптік объектілері, автокөлік жолдарын, газ құбырларын салу, сондай-ақ ірі зауыттардағы құрылыс-монтаждау жұмыстары ұдайы. Ауыл шаруашылығында да тұрақты өсім байқалады. Өндіріс көлемі 3,7%-ке артты. Қызмет көрсету саласында желделу айлары, есепті кезеңде қаңтар-сәуір айларындағы 4,2%-ке қарағанда 4,7%-ке өсті. Аталған сектордың барлық салаларында динамиканың желделуі түскендігі аңғарылуда. Қызметтер сегментінде – сауда ең жоғары өсімді көрсетеді. Сатылымдар көлемі 5 айда 7,5%-ке ұлғайды. Бұл негізінен автокөлік құралдарын, автобөлшектерді және мұнай өнімдерін сату көлемінің артуымен байланысты. Көлік саласында 5,3%-ке дейін желделу тіркелген.

Ұлттық банк төрағасы Е.Досаев өткен мамырда айлық инфляцияның 0,6% құрағанын атап өтті. Инфляция жылдық көрсеткіште – 5,3%. Ұлттық банктің болжамдарына сәйкес, инфляция 2019-2020 жылдарға белгіленген 4-6% нақтыланған мақсатты дәліз шегінде сақталды. Тенгенің айырбас деңгейі өткен жылдың соңындағы деңгейде сақталды.

Отырыста Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Ә.Смайылов ағымдағы жылдың 5 айындағы мемлекеттік бюджеттің атқарылу қорытындыларын баяндады. Қаржы министрінің деректеріне қарағанда, 5 айдың қорытындысы бойынша бюджеттің барлық деңгейлеріне кірістердің өсуі байқалады: мемлекеттік бюджетте – 115%, республикалық бюджетте – 119% және жергілікті бюджетте – 106%. Есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 3,8 трн теңге сомандан табыс түсіп, бұл жоспардың 105,4%-ін құрады. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, бюджет табыстары 510 млрд теңгеге артты. Жо-

спар 2,7%-ке немесе 73 млрд теңгеге асыра орындалды. Ә.Смайылов орталық және жергілікті органдар тарапынан мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін уақытылы аяқтауды маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ мемлекеттік аудит және камералық бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға

бойынша шараларды күшейтуді тапсырды. Билығы мамырда айлық инфляция 0,6% құрады. Осылайша жыл басынан бері инфляция 2,4% болды. А.Мамин белгіленген дәлізге (4–6%) сәйкестігіне қарамастан, бірқатар өнiрлерде ауыл шаруашылығы тауарларына бағаның өсуі байқалғанын айтты. «Қазір жеміс-жидек пен

Оң қарқын сақталып тұр



тоқталды. Министр 5 айда 1 462 аудиторлық іс-шара өткізілгенін, аудитпен 292 млрд теңге бөдет-жет қаражаты қамтығанын айтты. Бұл ретте 48 млрд теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталған. Тауарларды жеткізу, қызмет көрсету және жұмыстарды орындау арқылы жалпы 39 млрд теңге сомасына қаражаттар өтелген. Аудит объектілеріне қызметті жетілдіру және тиімділікті арттыру бойынша 1 170 ұсыным беріліп, олардың 669-ы орындалды. Қалғандарына қатысты жұмыстар қазір жүргізілу үстінде. Сонымен қатар 4,3 трн теңге сомасына камералық бақылаумен 676 мың мемлекеттік сатып алулар қамтылды. Тексерулердің нәтижесінде 261 млрд теңге сомасына 13 593 рәсім бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар анықталған. Аудит объектілеріне бұзушылықтарды жою туралы 13 478 хабарлама жіберілді. Соның нәтижесінде, 215 млрд теңге сомасына бұзушылықтарға жол берілмеді. Олар конкурстардың қорытындыларын шешімдерін болдырмау және конкурс құжаттамасына өзгерістер енгізу арқылы шешілді.

Жыныда қаралған тақырып бойынша сондай-ақ бірқатар салалық министрліктер басшыларының және өнiрлер әкімдерінің есептері тыңдалды. Үкімет басшысы өнiрлер әкімдеріне құрылыс, инвестициялар, өнеркәсіп және тұрғын үйді пайдалануға беру салаларында көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ету

көкөністердің көп уақыты, сондықтан бағалар арзандауы керек. Әкімдер әсіресе әлеуметтік маңы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақты ұстау бойынша нақты шаралар қарастырды», – деді Үкімет басшысы.

Республикалық бюджеттің орындалуы бойынша конкурстық рәсімдерді уақытылы өткізу бойынша күшейтілген жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бұл бюджет қаражатын игеру бойынша тәуекелдерді жоюға мүмкіндік береді.

Мәселені қорытындылай келе, А.Мамин Елбасының стратегиялық бағдарын және Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын толығымен жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Бұл – экономиканың, инфрақұрылымның тұрақты дамуы, қолжетімді баспамен қамтамасыз ету, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау мәселесін жақсарту арқылы халықтың табысын және тұрмыс сапасын арттыру. Президенттің сайлауалды тұғырнамамының стратегиялық міндеттерін тиімді жүзеге асырудың арқасында әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндік жасалады. Нәтижелі жұмыспен қамту – экономиканың дамуымен, тұрғындардың табысын арттырумен, баскелі өнiрiстердiң ашылуымен тікелей байланысты мәселе. Осы ретте барлық әкімдер мен мемлекеттік органдардың басшылары инвестицияларға, шағын және орта бизнестің дамуына барынша көңіл бөліп, бұл жұмыстарды үздіксіз жүргізулері қажет.

ЕАЭО – Қытай

Өнiрлiк құндылықтар тізбегі



Жұрда өткен Петербург халықаралық экономикалық форумы аясында Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының келен шекаралары арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдары туралы ақпарат алмасу жөніндегі келісімге қол қойылды.

Құжатқа ЕАЭО елдері мен КХР елдерінің премьер-министрлерінің орынбасарлары, ал ЕЭК атынан

ЕЭК Алқасының төрағасы қол қойды. Қазақстан атынан Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Әлихан Смайылов қатысты.

Келісімнің мақсаты – Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының келен шекарасы арқылы тасымалданатын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдары мен тауарлар туралы ақпарат алмасу саласындағы

ынтымақтастықты ұйымдастыру.

«Еуразиялық экономикалық одақ, Болашақ стратегиясы» сессиясында сөз сөйлеген Ә.Смайылов ЕАЭО елдерінде ынтымақтастыққа, өнiрлiк құндылық тізбектерін құруға көп көңіл бөлінуі керектігін айтты. Мысалы, өнеркәсіп, АӨК, көлік және басқа да салаларда кен ақуымды кооперациялық жобалар іске асырылуы мүмкін. Ә.

Смайылов «Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, қосалқы мердігерлік және технологияларды беру желісі» жобасын іске қосу туралы жариялады, ол кооперативтік байланыстар арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын өндіріс тізбектеріне тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол 2025 жылға дейін Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың стратегиялық бағыттары әзірленіп жатқанын айтты.

Жаһандық сауал

Ауыл шаруашылығына қандай өзгерістер керек?

«Планетамыздағы адамдар саны 2050 жылы 10 миллиардқа жетеді. Мұнда адамды тамақтандыру үшін рекордты мөлшерде азық-түлік өндіруге тураы келеді. Сол себепті ауылшаруашылық саласын өзгерту керек», деп жазады ВВС басшысы.



«Біріншіден, робот-фермерлерді құрастырған жөн. Бұл фермерлерге тракторда жүріп қара жұмыс істемей, басқа жұмыстарға көңіл бөлуге септігін тигізеді. Small Robot Company фермерлерге арналған Том, Дик, Гарри атты роботтарды құрастырған болатын. Бұлар түзде жұмыс істеп, өсімдіктерді сараптан, қажетті мөлшерде су құя алады», деп жазады автор. Екіншіден, трактормен істелетін жұмысты роботтарға таспыру керектігі айтылады. Трактор ауыр болғандықтан, топырақты таптайды. Топырақ тығыздалып, ауа мен

суды ұстап тұру көрсеткішін азайтады. Ал трактордың орнына жеңіл роботтарды пайдалану осы проблемаларды шешуге көмектес алады. Үшіншіден, қалдықтарды қайта өңдеу керек. БҰҰ мәліметтеріне сенсек, өндірілген азық түліктердің үштен бір бөлігі қоқысқа тасталады. Ауылшаруашылық өнімдері экспортты бойынша бірінші орында тұрған АҚШ пен екінші орындағы

Нидерландқа қарап-ақ қалдықтардың үлкен проблема екенін көруге болады. Нидерланд 2030 жылға қарай Еуропадағы алғашқы болып қалдық санын екі есе азайтуға бекініп отыр», деп жазады автор. Оның пайымынша, 2050 жылы 10 миллиард адамды тек ауыл шаруашылығы мен тамақ өндірісі салалары тұрақты болса ғана азық-түлікпен толық қамтуға болады.

ТУҒАН ЖЕР



ТАБАН-ҚАРАҒАЙ ҮСТІРТІ

Табан-Қарағай үстіртінің аспан астындағы пейіш деп жиі атайды. Алматы облысының тура орталығында орналасқанымен, ол туристер үшін толық зерттелмеген, әрі жетуде оңай емес жер болып келеді. Алайда, осында жете алған табанды фотосуретшілерге берер бұл мекеннің сыйы бар. Мұндағы пейзаждар бүкіл Қазақстанның бар пейзажы тоғасқан! Қызық пішінді жартастар да, асқақ таулар да, алуан түрлі су-өсімдіктермен көмкерілген алқаптар да бар. Бұл торпаған аспан астында үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой жайылып жүреді.

БИЗНЕС&БИЛІК

ИНАУГУРАЦИЯ

Халық өз таңдауын жасады

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына ант берді

> [1]

Жетінші – өңірлерді дамытудың жана бағдары. «Біздің қағидамыз: Қуатты аймақтар – Қуатты Қазақстан. Азаматтарымызды толғандырған нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласатын болады», – деді К.Тоқаев.

Сегізінші – «Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағарымыз. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс – біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтмыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болашақ жол ашады. Қазақстанды болшаққа бастайтын – жастар. Сондықтан рухани жаңғыру бағдарламысын жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттаймыз деп қажет.

Тоғызыншы – сыртқы саясат. Қазақстан – әлемдік қауымдастыққа ашық, бейбітшілікүйдіргіш сыртқы саясатпен, халықаралық қатынастарда сенімді және жауапты серіктес ретінде танылып, жоғары белдеге ие болған ел. Еліміз сыртқы саясатта сындарлы, теңдестірілген, көпекторлы бағытты жаңастыратын болады. Сыртқы саяси қызмет елімізге, ұлттық бизнеске, әрбір азаматқа нақты пайда әкелуі тиіс.

Онныншы – жастар Қазақстанның дамуында шешуші рөл атқаруы, прогрестің қозғалуы күші болуы тиіс. «Елбасы 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялады. «Жастар – ел тірегі» арнайы жобасы қолға алынды. «Жас кәсіпкер» атты жастардың бизнес-бастамаларының дамуы бағдарламасын жүзеге асырамыз, жастар стартаптарын қолдайтын боламыз. Жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламасын іске қосамыз. Менің міндетім – сіздер өздеріңіздің ең үлкен

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
ақын, қоғам қайраткері:

– Ел президентін сайлау – мемлекеттің болашағын айқындайтын күн. Сондықтан сайлауға қатысатын, еліміздің жартысы боташағы үшін дауыс берген әрбір азаматтың пікірі маңызды. Мен де өз күні өз таңдауымды жасадым. Отбасымымен бірге Алматы қаласында дауыс бердім.

Еліміздің саяси өміріндегі осынау маңызды оқиға сайлау өткізу тарихында ресми ретінде шетелдік байқаушылардың қатысуымен өтті. Халықаралық бақылаушылар кезектен тыс президенттік сайлаудың дәлі, сәтті өткенін атап өтуде. Бұл сайлау нақты да, нақты да осыны көрсетті. Сайлаудың нәтижесінде жеңіске жеткен беделді де тәжірибелі саясаткер Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықтау рәсімінде Қазақстан халқына ант беріп, мемлекет басшысы қызметіне кірісті. Президентің ұлықтау рәсіміндегі сөйлеген сөзі елімізге ашық аспан, халыққа жақын болып және әрдайым жақсы көңіл-күй сыйлайтын сенім ұлағаты көңілдерге.



Рүстем ӘБДІРШЕВ,
кәсіпкер:

– Еліміздің саяси өміріндегі маңызды оқиға – кезектен тыс президент сайлауының үдерісін бақылауға қатысқан халықаралық байқаушылар оның дәлі, ашық өткенін атап өтуде. Бұл сайлау қорытындысын Тоқаев саясаткер ретінде бірден қоғамдық мандат деп есептеуге толық негіз бер. Жаңадан сайланған Президенттің ұлықтау рәсімінде айқын халықтың табысын арттыру, әділетті әлеуметтік саясат, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жалғасатынын туралы сөзі көңілден шықты. Зиялы отбасынан шыққан адамның мемлекеттік билікке келуінен өнер өкілетіндік өкілдері үлкен үміт күтеді. Елімізде жүріп жатқан бар саладағы жаңғыруға рухани сала қайраткерлерінің қосар үлесін жасау түсінімін деп сенім білдіреді.

Қасым-Жомарт Тоқаев – ел беделді де тәжірибелі, нақты да саясаткерлердің бірі. Ол елімізде сыртқы саяси бағыттағы саясаттағы сақталып, Қазақстанның Түркия Президенті бастаған барлық реформалар жалғасатынын сенім білдірді. Ұлықтау рәсімінде «Атқа адал болу, серікке берік болу – менің халық алдындағы парызым», – деп айтқанындай, халқымыздың кешегі сайлауды өзіне артық үмітін ақтады деп сенеміз.



армандарының іске асыруының және жеке «табыс тарихының» жасауы үшін барлық мүмкіндікті жасау», – деп Мемлекет басшысы. «Алдымызда ауқымды жалпыхалықтық міндеттер тұр. Мақсатымыз – айқын, жолымыз – ашық! Біз алдымыздағы барлық қиындықтарды бірге еңсереміз. Біз қуатты әрі гүлденген Қазақстанның өркендеуі үшін бірге еңбек етеміз. Антқа адал болу, серікке берік болу – менің халық алдындағы парызым. Қазақстанның жарқын болашағы үшін, халық үшін аянбай еңбек етуге серт беремін», – деп түйінделі сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақорда резиденциясында Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының қорытындылары бойынша отандық және шетелдік журналистер үшін өткен баспасөз конференциясында Мемлекет басшысы сайлау үдерісін бақылауға 1000-нан астам халықаралық миссияның өкілдері,

сондай-ақ 40-тан астам елден келген 350-ге жуық журналист қатысқанын айтты.

Баспасөз конференциясына 66, соның ішінде 22 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының атынан 107 тілші қатысты. Мемлекет басшысының тығыз жұмыс кестесіне қарамастан журналистермен кездесу 1 сағаттан аса уақытқа созылды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен президент сайлауына, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатына қатысты 30-ға жуық сұрақ қойылды. Сонымен қатар, Президентің Сирия қаттығысы, Ресеймен, Қытаймен және басқа да елдермен қарым-қатынас туралы пікірін білдірді. Сондай-ақ баспасөз конференциясында қазақстандықтарды мазадан жүрген билік транзиті, әлеуметтік желілердің бұғатталуы, жемқорлық, АЭС құрылысы, халықты әлеуметтік қорғау, Парламент сайлауы мен Үкіметтің отставкасы, сайлау

сайлаудағы бәсекелестердің платформалары мен ұсыныстарына құлақ асу мәселелері туралы да айтылды. Мемлекет басшысы жеке мәселелерге байланысты да бірқатар сауалға жауап берді.

Сонында Қазақстан Президенті сайлау үдерісін жариялап көрсетуге және оның ашық өтуін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін журналистердің бәріне ризашылық білдіріп, осындай кездесудің дөструге айналдырғанын айтты.

Айта кетейік, Орталық сайлау комиссиясы шығарған қорытындыға сәйкес, 9 маусымдағы кезектен тыс президенттік сайлауда кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылардың 70,96 процент дауысын (сайлаушылардың 6 539 715 дауысы) алып, жеңіске жеткен болатын. Осыған байланысты Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президентінің ант беру күнін 12 маусымға белгілеу туралы арнайы қаулы қабылдады.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



М. Жұман – әлем үздіктері қатарында

Ғаламдық деңгейде әр саладағы ең үздік кәсіпкерлерді жыл сайын марапаттайтын EY World Entrepreneur Of The Year байқауында биыл еліміздің үздік іскері Марат Жұман аталып отыр. Ол 1998 жылы кез-келген елге ғаламдық деңгейде қалаған түпкірімізге күлкінің барлық түрімен жүктерді сенімді тасымалдау қызметін ұсынатын Atasu компаниясын құрады. Қазір оның 8000 клиенті бар және жылдық жүйкәйыналымы 10 миллион тенгеге жеткен, деп жазады <https://www.ey.com> сайтынан.

Мараттың негізгі мақсаты пайда емес, клиенттермен үзекерімді қатынастар орнату. Оның компаниясы тасымалдаудан өзге – логистикалық терминалдар, жүктерді жеткізіп беру-жөнелту, күрерлік қызметтер, сондай-ақ брокерлік және кедендік қызметтер де көрсетеді.

Логистика саласында үздік бола тұра, Атасу Қытай мен Еуропа арасында Орталық Азия мен Қазақстан арқылы сауданың жедел өсуінен пайда көрген. Өз қуатын одан әрі кеңейту үшін компания 2018 жылы қытайлық CITIC Capital Silk Road халықаралық қорынан инвестициялар тартқан, дейді сайт хабарламасында.



McKinsey & Company еліміз әлеуетін жоғары бағалайды

Қазір қай ел болмасын жасанды сана (ЖС) саласында әлемдік қосбасы болуға ұмтылады. Оларды ЖС технологияларының өсіп келе жатқан келешегі мен оны пайдаланудың мүмкіндіктері және адамзат үшін маңызды мәселелерді шешудегі тереңрек талдау өрістері өзіне тартады. McKinsey & Company өз зерттеулерінің мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда бұл саланың әлеуеті жоғары екенін мәлімдейді www.mckinsey.com сайтында.

McKinsey & Company-дың Қазақстандағы басқарушы серіктесі Йохен Бербенер: «Қазақстанға 2030 жылға дейін ІЖӨ-нің жылдық өсімі 5–6%-ға жетуіне – ЖС технологиялары және терең талдаулар мүмкіндік беретін – негізгі факторлардың біріне айналуы мүмкін. Бұл жұмыспен қамтуды үдету қарқынын саябырсуы жағдайында экономикалық өсудің айтулы ықпалына айналатын – еңбек өнімділігін арттыру есебінен жүзеге аспақ», деп түйіндейді.



Біздің Гена Forbes санатына кірді

Америкалық Forbes әлемдегі сайысқа қатысулары аса жоғары төленетін спортшылардың дәстүрлі рейтингін ұсынады. Биыл мұнда бейсболдың Басты лигасының жұлдыздары: Нолан Аренало, Брайс Харпер, Мэни Мачало және Майк Траут кенінен орын алды.



Есепті кезең аралығында олардың жана ұзақмерзімді келісім-шарттары рекордтық пайдалы боп табылып, жалпы сомасында 1,3 млрд АҚШ долларын құраған.

Біз үшін қуаныштығы, боксшымыз Геннадий Головкин, Forbes Kazakhstan-ның селебрити рейтингінің үздіксіз қосбасымыз жахандық тізімде 95-орыннан табылған.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА


Доллар бағамының рекордтық көрсеткіші

> [1]

Ұлттық банк «Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 24 мамырдан 31 мамыр аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар Д.Трампын заңсыз көші-қонға қарсы күрес мақсатында АҚШ-қа Мексикадан әкелінетін тауарларға 5% мөлшерде баж жариялауы, Үндістанды АҚШ-қа баж төлемей тауарлар әкелуге мүмкіндік беретін мәртебеден айыру, Пекиннің өнеркәсіпте және әскери жабдықтар өндірісінде қолданылатын сирек кездесетін металдарды АҚШ-қа әкелуге шектеулер енгізу мүмкіндігі туралы хабарларға байланысты АҚШ пен КХР арасындағы сауда-саттық тайталастың күшеюі, АҚШ ІЖӨ-нің 1-тоқсанда +3,1% (3,2% алдын алғы деректермен салыстырғанда) өсуін соңғы бағалауын жариялау болды», – деп себептерді атап берді.

ХАЛЫҚ БАҒАМНЫҢ КҮЛДЫРАУЫНА СЕНБЕЙДІ

Тағы бір маңызды фактор – құнысзандыдан күтілуі. Мамырдың соңында реттеуші халықтың инфляция болуын күтуіне кезекті сұрау салудың ноиижелерін жариялады. Сұрау салудың өзі сәуірде орын алған, яғни, доллар бағамы мен мұнай бағасы айтарлықтай тұрақты болған кезең. Соның өзінде, президенттік сайлауды өткізгеннен кейін болуы мүмкін құнысзандық болжамының, үрейлі көңіл-күйі аңғарылған болатын. Әрбір үш респонденттің екеуі, доллардың теңгеге бағамы өседі деп есептеген. Қатарынан 9 айдан бері сұрау салынғандардың орта есеппен 66,5%-ы осындай жауап берген. Оптимистер қатары азыайп барлауы: сөзінде теңге нығайтынын күтеміз деп, сұрау салынғандардың 3,9%-ы ғана



мәлімдеген. Бұл сұрау салу жүргізілген бүкіл уақыт (2016 жылдың қантарынан бастап) бойындағы минимум. Сонымен, доллардың арзандайтынына, 25 қазақстандықтың тек 1-уі ғана сенеді екен (Инфографика).

Екінші жағынан, қазақстандықтар жинақтаған қорларының америкалық валютаға аударуға да асықпайтын жөнінде. Колма-кол түріндегі қорланымдары бар, респонденттердің 22,1%-ы ғана, ақшаларын долларды сақтайды екен. Бұл сұрау жүргізілген барлық уақытындағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі. Тенгенің үлесі, керісінше, 84,8%-ға дейін өсіпті – бұл ең үлкен көрсеткіштердің қатарынан саналады.

Сонымен, қарама-қайшы жайт көрінсін береді: қазақстандықтар барған сайын теңгенің нығайтынына сенімін жоғалтқан, сөйте тұра, оның ессінде таңдауларын шетелдік валюта пайдалына бөлуге де асыға қоймайды екен.

Мұны тек сұрау салу ғана емес, ресми мәліметтер де айқындай түседі: айырбас пункттеріндегі нетто-сату көлемдері мен банк секторын долларсыздандыру көрсеткіштері осының айғағы.

ВАЛЮТА БАСҚЫНШЫЛЫҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСА МА?

Айтпақшы, нарықтың кәсібі қатысушылары да теңгенің нығайуына сене қоймайтын тәрізді. Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы, сұрақтарының бірі – 12 айдан кейінгі доллар бағамы бойынша болжам келесі – тұрақты тұрса сұрау жүргізіп келеді.

Мамыр айының бірінші жартысында, америкалық валюта 380 теңгеден төмен болған кезде, орташа болжам 390,3 теңгені құрады.

Айта кету керек, Ұлттық банк бағам құруға араласуға әзір. Досаев айтарлықтай құбылмалылық

тұсындағанда басқарушының жағдайлы қалыптастыру үшін қажетті шаралар қабылдауға даяр екенін атап айтты. Басқыншылық бойынша нетто-мәмілдердің ресми көлемі 2018 жылдың қыркүйегінен бері нөлге тең. Қағаз жүзінде бұл, араласу болмағанын аңғартады. Алайда, жок дегенде бір рет – Нұрсұлтан Назарбаев орнынан кететінін жариялағанда басқыншылық болды.

«Егер тұңғыш президент – Елбасының 19 наурыздағы мәлімдемесінен кейінгі жағдай туралы айт-тар болсақ, 20 наурызда нарыққа айтарлықтай қысым болды. Нарыққа біз араластық, 20 наурыздағы қатысушымыздың сомасы \$304 миллион болды», – деп түсіндірді Ұлттық банк басшысы.

Оның айтуынша, басқыншылық алтын-валюталық резерв есебінен жүзеге асқан, бірақ наурызынан аяғына дейін теңгерім қалпына келтірілген.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

ТЕНГЕ БАҒАМЫНА ЭСЕР ЕТКЕН ФАКТОРЛАР

Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев тенге бағамына әсер еткен факторларды атады.

Биылғы мамыр айында айлық инфляция 0,6% құрады. Ал жылдық инфляция 5,3%-ға дейін көтерілген. «Соңғы уақытта ішкі валюта нарығындағы жағдайға мұнайдың әлемдік бағасы көп ықпал етті. 27 мамыр мен 5 маусым аралығында мұнай бағасы 60,6 долларға дейін, шамамен 13%-ға төмендеді. Алайда соңғы екі күнде мұнай бағасы өзгерді, бүгін 62,3 доллар болды (11 маусым – ред.). Бұған АҚШ пен Мексиканың заңсыз көші-қонды бақылауды күшейту туралы келісімі келуі әсер етті. Сонымен бірге, 2019 жылдың екінші жарытысында мұнай экспорттаушы елдер ұйымы өз келісімін ұзартуы мүмкін. Салдарынан 27 мамыр мен 5 маусым аралығында тенге бағамы 1,3%-ға әлсіреді», – деп атап өтті Ерболат Досаев үкімет отырысында.

Қаржы реттеуішінің басшысы жағдайдың тұрақталғанын, 5-10 маусым күндері ұлттық валютаның 0,3%-ға нығайғанын, сондай-ақ Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі 9% деңгейіне сақтап қалатынын мәлімдеді.

▶ БЮДЖЕТ

73 МИЛЛИАРД ТЕНГЕГЕ АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ

Биыл қаңтар-мамыр айлары аралығында республикалық бюджет кірістері 2 трлн 783 млрд теңгені құрады.

Осылайша жоспар 2,7%-ға немесе 73 млрд теңгеге асыра орындалды, деп хабарлады сейсенбідегі үкімет отырысында премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Әлихан Смайылов. «Асыра орындау сомасы негізінен салық арқылы жиналды. Оған экспорттық тауар бажы мөлшерлемелерінің және бірқатар салалардағы тауарлар өндірісі мен қызметтерінің көлемінің өсуі сынды негізгі факторлар ықпал етті. Алайда корпоративтік табыс салығы (-17 млрд теңге) және импортқа салынатын қосылған құн салығы (-38 млрд теңге) бойынша жоспар орындалмады», – деп атап өтті министр.

Әсіресе екінші деңгейлі банктер табысының әлі де төмендеуі корпоративтік табыс салығының толық орындалмауына себеп болған. Бірқатар ірі салық төлеушілерден түсімдердің азаюына байланысты импортқа салынатын КҚС орындалмады. Министрдің айтуынша, жергілікті бюджеттердің өз кірістері 113,4%-ға немесе 120 млрд теңгеге артығымен орындалып, 1 трлн 17 млрд теңгені құраған.

▶ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

ӨНІМ КӨЛЕМІНІҢ АРТУЫ ЖАЛҒАСТЫ

Биылғы жылдың алғашқы бес айында жалпы ішкі өнімнің өсуі жалғасты.

Осы орайда үкімет отырысында ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов: «Жалпы ішкі өнімнің өсуі 4% құрады. Жылдық мәндігі инфляция деңгейі 5,3% болып отыр. Бұл – инфляция дәлізінің 4-6% шегінде. Инвестициялық динамикасы 7,8% деңгейі өсуі көрсетіп, жалпы ішкі өнім өсу қарқынында да асып түсті. Ауыл шаруашылығы мен құрылыстағы инвестиция бір жарым есеге, өнеркәсіптегі инвестициялар 17,5% өсті. Өткен аймен салыстырғанда халықаралық резервтер 0,4% өсті. Олардың көлемі 86,7 млрд долларды құрады», – деп атап өтті.

Тұтастай алғанда жалпы ішкі өнім өсімінің артуы байқалып отыр. «Биылғы қаңтар-мамыр айларында кен өндіру өнеркәсібі 2% ұлғайды. Бұл ретте мұнай өндіру көлемі 3,2% қысқарды. Мұны жоспарлы жөндеу жұмыстарымен байланыстыруға болады. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 3,6% құрады. Бұл мұнай өндірудегі қысқарудың орнын толтырды. Құрылыс қарқыны да ұлғайып, 5 айда 8,8% өсті. Әсіресе, өнеркәсіп нысандарының, автомобиль жолдарының, газ құбырларының құрылысы артты. Сондай-ақ ірі зауыттарда құрылыс-монтаждау жұмыстары көбейді», – деді министр.

Ауыл шаруашылығында да орнықты өсу байқалғаны атап өтті. Агроталада өндіру көлемі 3,7% артты.

▶ НАРЫҚ: ОТАНДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА НЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ұлттық банк отандық көлік сатып алатындарға жаңа несиелер бермек.

Ұлттық банктің сайтында жарияланған отандық автокөлік сатып алушыларды несиелеу бағдарламасында көрсетілгендей, елімізде 3,8 миллион көлік бар. Соңғы 10 жылда жеңіл автокөліктер паркі 49%-ға артқан. Екінші деңгейлі банктердің жеке тұлғаларға автотенісе беру қоржыны 20,3 пайыз болды. 356 млрд теңге несиелер берілді. Автокредиттердің жалпы үлесі 10,7%-ға артты. Биылғы екінші деңгейлі банктер 222,1 млрд теңге сомаға 92,5 млн автотенісе берген. «Қазақстанның автомобиль өндірісі кешені 2015-2016 жылдардағы өндірістің азаюынан енді қалпына келіп жатыр. Нарық әлі толық қамтылмаған. Отандық өндірістің дамуына көп мүмкіндік бар», – делінген құжатта.

Ұлттық банк болашақта отандық көлік сатып алушысы келетіндерге мынадай жеңілдік қарастыраған: Берлетің ең жоғары несиелері 15 миллион теңгеден аспасуы керек; несиелік жылдық пайыздық мөлшерлемесі 4 пайызбен 7 жылға дейін беріледі.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ СТАТИСТИКА

Биылғы мамырда тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -


| | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 жылғы мамыр |
|--|------|------|------|------|------|------|------|------|------------------|
| Жаңа тұрғын үйлерді сату | 7,1 | 12,1 | 9,6 | 11,5 | 15,8 | -3,6 | 1,3 | 2,6 | 2,4 |
| Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату | 4,3 | 16,8 | 13,8 | 17,6 | 9,1 | -0,7 | -1,6 | 1,9 | 1,9 |

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ БАҒА

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

| | 1 шаршы метрлік бағасы, теңге | 2019ж. мамыр | | | | 2019 жылғы қаңтар-мамыр 2018 жылғы қаңтар-мамырға |
|--|-------------------------------|----------------|--------------------|----------------|--------------------|---|
| | | 2019ж. сәуірге | 2018ж. желтоқсанға | 2018ж. мамырға | 2015ж. желтоқсанға | |
| Жаңа тұрғын үйлерді сату | 282 314 | 0,8 | 2,4 | 3,6 | 2,6 | 3,1 |
| Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату | 192 201 | 0,4 | 1,9 | 3,3 | 1,4 | 2,7 |
| Абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сату | 119 704 | 0,3 | 1,2 | 2,7 | 6,5 | 2,9 |
| Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі | 1 431 | 0,0 | 2,2 | 7,4 | 12,2 | 7,5 |

*Бастапқы, таза әріненген пәтерлердің жалғыз ауданының бір шаршы метрінің республика бойынша орташа бағасы.



2019 жылғы мамырда өткен аймен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлерді сату бағалары – 0,8%, абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату – 0,4%, алу төлемі өткен айдағы деңгейге қалды.

А.САНДЫҚБАЕВА

▶ НЕСИЕ

39 жоба қаралуда

БҚО-да «Қарапайым заттар экономикасы» жобасын түсіндіру және насихаттау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

ГҮЛБАР ДЫБЫСҚАЛИ

Облыстық кәсіпкерлік кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысының орынбасары Бақдәулет Ибраимовтың айтуынша, «Қарапайым заттар экономикасы» қалыптастырудың мақсаты – сырттан келетін заттар санын азайтып, халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлік, киім-кешек сияқты тұрмыстық заттарды өз аумағымызда, яғни елімізде өндіру. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, ел-жұрттың тұрмысын жақсарту көзделеді. «Қарапайым заттар экономикасы» жобаның кенесі құрылып, оның құрынама жергілікті атқарушы органдар, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және бизнес-қауымдастық өкілдері кірді. Кенес іскерлік жобаларды бизнес-жоспар жасау кезеңінен бастап қаржыландыруға дейін сүйемелдеуді жүзеге асырады және үнемі жобаларды бақылайды.

– Бүгінгі таңда үн-жарма өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі бағытына 10 млн. теңге мөлшерінде бір несиелерді. Енді бір жобаға 150 млн. теңге беру мақұлданды. Екінші деңгейдегі банктерде жалпы шамасы 205 млн. теңге болатын үш жоба кәсіпкерлерден қабылданды. Жалпы шамасы 39,1 млрд. теңге болатын 39 жоба қаралуда. Оның ішінде азық-түлік өнеркәсібі салысынан 31, жеңіл өнеркәсіптен – 9, қызмет көрсету салысынан үш, жиһаз өндірісінен бес, химия өнеркәсібі салысынан екі жоба бар, – деді Бақдәулет Ибраимов.

▶ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Сыйластық сыбайластықпен өлшенбейді...




Жемқорлық қоғамның барлық салаларын қамтып отыр. Экономика саласында жемқорлық көпкөлемді экономикалық болуына, нарықтық бәсекенің тетіктерін бұзуға әкеп соқтырса, саяси салада саяси бәсекелестікті қауқарсыз етеді, ал мемлекеттік-құқықтық салада қоғамдық мемлекеттік басқарудың негізін құрталы. Бұның салдарынан ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіріп, қоғамның дамуына келергісін келтіреді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік» атты жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептерін ашу, оларды жою бойынша жұмыстарды күшейту керектігін атап өткен болатын.

НҮРЛАН ҚҰМАР

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық саласына, атап айтқанда саясатқа, экономикаға, әлеуметтік салаға көпкөлемді түсіреді. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық қиын күрделі мәселе болып отырғаны анық. Себебі, қоғамның бұл кеселдері өте жұқпалы болып келеді. Тіпті біз қазір балаларға мектеп жасынан бастап пара беруді үйретіп жатқан секілдіміз. Жасөспірімдердің көбісі ақшаға сеніп кеткен. ҰБТ-дан ақшамен өтемінен ғой деп ойлайтыннардан да қарасы көбейген. Устадарымыз да пара алуға дағдыланып алған. Өрне бері емес, дегенмен ондайлар бар. Оларға мемлекет істеген қызметтеріне сай

▶ СТАТИСТИКА

Өнеркәсіптік өндірістің индексі 102% құрады



2019 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-МАМЫРДАҒЫ ЖЕКЕЛГЕН ӨНІМ ТҮРЛЕРІНІҢ ӨНІМІ

| | Өндірілгені | 2018 жылғы қаңтар-мамырға пайызбен |
|--|-------------|------------------------------------|
| мұнай, газ конденсатын қосқанда, млн.тонна | 36,5 | 96,8 |
| мыс кендері, млн.тонна | 46,7 | 112,8 |
| ұн, млн.тонна | 1,6 | 100,8 |
| бензин, млн.тонна | 1,6 | 112,6 |
| газөйлдер (дизельлік отын), млн.тонна | 2,0 | 113,1 |
| портландцемент, млн.тонна | 3,5 | 99,7 |
| жазық илек, млн.тонна | 0,8 | 65,6 |
| тазартылған мыс, млн.тонна | 0,2 | 111,2 |
